

БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы»

КМҚК директоры

Б.Абдикерова

«06» сәуір 2021 ж.

Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Ғаламшарды аялайық!» облыстық экологиялық қашықтық байқауының ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған облыстық экологиялық «Ғаламшарды аялайық!» байқауының (әрі қарай-Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, өткізілу ретін, қорытындылау және қатысушыларды марапаттауды анықтайды.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК.

1.3. Байқауға Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, аға тәлімгерлері, педагог-психологтары қатысады.

1.4. Байқаудың мақсаты: балалар мен жасөспірімдерге экологиялық білім беруде экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тиімді педагогикалық іс-тәжірибені анықтау.

1.5. Байқаудың міндеттері:

- өскелең ұрпақты қазіргі әлемнің экологиялық мәселелерінің маңыздылығын түсінуіне баулу;
- экологиялық мәселелерді шешуге педагогтерді, балалар мен ата-аналарды қосу;
- білім беру ұйымдары педагогтерінің шығармашылық белсенділіктерін дамыту, оларды қолдау және марапаттау.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен шарттары

2.1. Байқау 2 кезеңде өткізіледі: **2021 жылдың 07 – 23 сәуірі аралығы.**

Бірінші кезең: 2021 жылдың 12 - 16 сәуір күндері байқау материалдарын қабылдау. Өтінімдер мен байқау жұмыстары **2021 жылдың 16 сәуіріне дейін «Тәрбие бөліміне» белгісімен umc-ro@umckrg.gov.kz** электронды поштасында қабылданады. **Екінші кезең:** эксперттік кеңес **2021 жылдың 19-23 сәуір күндері** жіберілген байқау жұмыстарын талдап, бағалайды және жеңімпаздарды анықтайды.

2.2. Байқау материалдары келесі номинациялар бойынша ұсынылады:

- «Табиғатты қорғау үшін бәріміз, біргеміз!» электрондық буклеттер;
- «Қуаттық тиімділігі» экологиялық квест;
- «Дебат турнирінің әдістемелік әзірлемесі».

2.3. **2021 жылдың 16 сәуірі** күнінен кейін түскен материалдар қарастырылмайды.

2.4. Байқау жұмыстары қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

2.5. Байқау қатысушылары жеке әзірлемелерін ұсынады, үшінші жақтың зияткерлік құқығының бұзылуына жауап береді.

3. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар.

- 3.1. Байқау материалдары қатысушының өтінімімен (Қосымша №1) бірге берілуі тиіс.
- 3.2. Байқау жұмыстары электронды нұсқада жіберіледі.
- 3.3. «Дебат турнирінің әдістемелік әзірлемесі» байқау материалдары А4 форматында, кегль 14, Times New Roman шрифтіңде теріліп, 1,5 жоларалық; 5 беттен аспауы керек.
- 3.4. Байқау жұмыстары бағалау кезінде плагиатқа тексеріледі.
- 3.5. Байқауға іс жүзінде қолданылған және тәжірибелік нәтижесі бар жұмыстар ғана ұсынылады.

4. Байқауды қорытындысы және жеңімпаздарды марапаттау

- 4.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін сараптамалық конкурстық комиссия құрылады. Байқаудың сараптамалық комиссиясы байқаудың ұйымдастырушылары мен шақырылған мамандардан тұрады.
- 4.2. Байқаудың қорытындысы арнайы хаттамамен рәсімделіп, байқау комиссиясы мүшелерінің қол қойылуымен расталады.
- 4.3. Байқау номинацияларында конкурстық комиссия мүшелерінің жоғары бағасына ие болған жұмыстардың авторлары I, II, III деңгейлі дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталады.
- 4.4. Байқау нәтижелері 2021 жылдың 23 сәуірінен кешіктірілмей қорытындыланады және ҚО ББД ОӘО umckrg.gov.kz сайтында; «Ізденіс» газетінде; **Instagram, Facebook** әлеуметтік желілерінде жарияланады.

Қосымша 1

«Ғаламшарды аялайық!» байқауына қатысуға өтінім

Қатысушының аты-жөні	
Аймақ	<i>Улытау ауданы (үлгі)</i>
Білім беру ұйымы	<i>«№1 Жалпы білім беру мектебі Жезді ауылы» (үлгі)</i>
Лауазымы	<i>Математика пәні мұғалімі (үлгі)</i>
Номинация	
Байланыс мәліметтері (электронды пошта, ұялы телефоны)	

Білім беру ұйымының басшысының қолы
Мөрі